

Тақырыбы: «Мен Отанның бақытты ұлымын»

Құрметті ата - аналар, кішкене бүлдіршіндер және балабақша ұжымы!
Баршаңызды 25 қазан Республика күні мерекесімен шын жүректен
құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық,
еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілеймін.

Ақжайық, Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!

I. Әнұран.

Тәрбие сағатын ашу үшін балабақша меңгерушісі Турмаханбетова Дана әпкейге
беріледі.

Құрметті қонақтар! Бүгінгі біздің 25 қазан Республика күніне арналған «Мен
Отанның бақытты ұлымын!» іс-шарамызды тамашалаңыздар.

II. Хор: «Егеменді Қазақстан»

Елші:

- Өзі бұл жер қай ел екен, жөн сұрап білейін?!

Жүргізуші:

- Сәлеметсіз бе? Сіз кім боласыз? Қателеспесем, біздің елге басқа жақтан
келгенсіз - ау деймін.

Елші:

- Мен ел аралап жүрген елшімін. Сыңғырлаған балалардың күлкісін естіп, қай
елдің бақытты балалары екенін білейін деп келдім.

Жүргізуші:

- Олай болса, қош келдіңіз! Қазір бізде 25 қазан Республика күніне арналған
тәрбие сағат өткелі жатыр. Балалардан сұрап біліңіз.

Елші:

- Сәлем, балалар! Сендер өте көңілді, әрі бақытты көрінесіңдер. Сендердің
Отандарың, қасиетті мекендерің қай Республика?

Балалар:

- Қазақстан Республикасы.

Елші:

- Президент кім?

Балалар:

- Қасым - Жомарт Тоқаев

Елші:

- Отандарыңның астанасы қай қала?